

"Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі арасындағы теңіз көлігі саласындағы ынтымақтастық туралы келісімді ратификациялау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 8 қазандағы N 926 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

"Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі арасындағы теңіз көлігі саласындағы ынтымақтастық туралы келісімді ратификациялау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің қарауына енгізілсін.

Премьер-Министрі

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң
К.Мәсімов

Жоба

Қазақстан Республикасының Заңы

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі арасындағы теңіз көлігі саласындағы ынтымақтастық туралы келісімді ратификациялау туралы

2007 жылғы 4 қазанда Новосибирск қаласында қол қойылған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі арасындағы теңіз көлігі саласындағы ынтымақтастық туралы келісім ратификациялансын.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң
Президенті

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен

Ресей Федерациясының Үкіметі

арасындағы Теңіз көлігі саласындағы ынтымақтастық туралы

КЕЛІСІМ

Бұдан әрі Тараптар деп аталатын Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі,

теңдік пен өзара тиімділік қағидаттары негізінде екі мемлекет арасында теңіз көлігі саласындағы қатынастарды нығайтуға және дамытуға ниет білдіре отырып,

1992 жылғы 23 наурыздағы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі арасындағы Көлік саласындағы өзара қарым-қатынас шарттары мен ынтымақтастықтың қағидаттары туралы келісімнің ережелерін негізге

а л а

о т ы р ы п ,

төмендегілер туралы келісті:

1-бап

О с ы К е л і с і м н і ң м а қ с а т т а р ы :

екі мемлекет арасында теңіз көлігі саласындағы қатынастарды реттеу және дамыту;
кеме қатынасында тиімді үйлестіруді қамтамасыз ету;
екі мемлекет арасындағы сауда және экономикалық қатынастарды дамытуға
жәрдемдесу болып табылады.

2-бап

О с ы К е л і с і м д е п а й д а л а н ы л а т ы н т ү с і н і к т е р м ы н а н ы б і л д і р е д і :

" қ ұ з ы р е т т і о р г а н д а р " :

Қазақстан Республикасында - Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация
м и н и с т р л і г і ;

Ресей Федерациясында - Ресей Федерациясы Көлік министрлігі;

"Тараптың кемесі" - Тарап мемлекетінің кеме тізілімінде тіркелген және осы
м е м л е к е т т і ң т у ы н к ө т е р і п жү з е т і н :

коммерциялық емес мақсаттарда пайдаланылатын әскери кемелер мен басқа да
м е м л е к е т т і к к е м е л е р д е н ;

гидрографиялық, мұхиттану және ғылыми зерттеулерге арналған кемелерден;

б а л ы қ а у л а й т ы н к е м е л е р д е н ;

спорттық және серуендеуге арналған кемелерден басқа кез келген кеме;

"экипаж мүшесі" - рейс кезінде кеме бортында кемені пайдалануға немесе онда
қызмет көрсетуге байланысты міндеттерді орындаумен нақты айналысатын және кеме
рөліне енгізілген капитан және кез келген басқа тұлға.

3-бап

Тараптар атап айтқанда, өзара консультациялар мен ақпарат алмасуды қоса алғанда,
құзыретті органдардың арасындағы тиімді іскерлік қатынастарға қолдау көрсетеді және
дамытады. Тараптар, сондай-ақ екі мемлекеттің де кеме қатынасы және кеме
қатынасымен байланысты ұйымдарының арасындағы байланыстардың дамуын
к ө т е р м е л е й д і .

Т а р а п т а р м ы н а д а й б а ғ ы т т а р :

екі мемлекеттің де теңіз флотының және порттарының толық және тиімді
п а й д а л а н ы л у ы н қ а м т а м а с ы з е т у ;

кемелердің, экипаж мүшелерінің, жүктердің және жолаушылардың қауіпсіздігін

қоса алғанда, теңіздегі қауіпсіздікті қамтамасыз ету;
теңіздік ортаның қорғалуын күшейту;
теңіз көлігі саласындағы экономика, ғылым және техника мәселелері бойынша байланыстарды кеңейту мен тәжірибе алмасу;
сауда мақсатында теңізде жүзу мәселелерімен айналысатын халықаралық ұйымдардың қызметіне және теңіз көлігі жөніндегі халықаралық шарттарға қатысуға қатысты пікір алмасу бойынша ынтымақтасады.

4-бап

Т а р а п т а р :

- а) Тараптар мемлекеттерінің порттары арасындағы теңіз арқылы тасымалдарға өз кемелерінің қатысуына ықпал етеді;
- б) өз мемлекеттерінің порттары арасында теңіз арқылы тасымалдарды дамытуға қиындық келтіретін кедергілерді жоюда ынтымақтасады;
- в) бір Тарап кемелерінің екінші Тарап мемлекетінің порттары мен үшінші мемлекеттердің порттары арасындағы теңіз арқылы тасымалдарға қатысуына кедергі жасамайды.

5-бап

Қазақстан Республикасы мен үшінші мемлекеттердің арасындағы сауда мақсатында теңізде жүзуді Ресей Федерациясының заңнамасына сәйкес, Ресей Федерациясының ішкі су жолдарымен өте отырып Тараптардың кемелері жүзеге асыра алады.

6-бап

1. Әрбір Тарап екінші Тараптың кемелеріне порттарға еркін кіруге, жүктерді тиеу және түсіру үшін порттарды пайдалануға, жолаушыларды отырғызуға және түсіруге, порт алымдарын төлеуге, қарапайым коммерциялық операцияларды және теңізде жүзуге арналған қызметтерді пайдалануға қатысты халықаралық қатынастарда жұмыс істейтін өз кемелеріне ұсынатын жағдайларды ұсынады.

2. Осы баптың 1-тармағының ережелері:

- а) шетелдік кемелердің кіруі үшін ашық емес порттарға қатысты қолданылмайды;
- б) Тараптардың әрқайсысы өз мемлекеттерінің ұйымдары үшін резервте тұрған, атап айтқанда каботажға, сүйретіп тартуға, лоцмандық алып өтуге және құтқаруға қ а т ы с т ы қ о л д а н ы л м а й д ы ;
- в) бір Тарапты, екінші Тараптың кемелеріне өз кемелеріне ұсынылатын міндетті лоцмандық алып өту туралы ережеден алып тастауды қолдануға міндеттемейді.

7-бап

Тараптар өз мемлекеттерінің заңнамасына және порттық ережелеріне сәйкес теңіз тасымалдарын жеңілдету және жылдамдату, кемелердің негізсіз кідіруін болдырмау, сондай-ақ порттардағы кедендік, шекаралық және өзге де қолданыстағы ресмиліктерді жүзеге асыруды мүмкіндігінше жылдамдату мен оңайлату үшін тиісті шараларды қабылдайды.

8-бап

1. Тараптардың біреуі берген немесе мойындаған кемелердің ұлтын куәландыратын құжаттарды, өлшем куәліктерін және басқа да кеме құжаттарын екінші Тарап та м о й ы н д а й д ы .

2. 1969 жылғы Кемелерді өлшеу жөніндегі халықаралық конвенцияға сәйкес берілген өлшем куәліктерімен жабдықталған Тараптардың әрқайсысының кемелері екінші Тарап мемлекетінің портында жаңадан өлшенуге жатпайды.

9-бап

1. Тараптардың әрқайсысы екінші Тарап мемлекетінің заңнамасына сәйкес берілген теңізші тұлғасын куәландыратын құжаттарды мойындайды.

О с ы н д а й қ ұ ж а т т а р :

Қазақстан Республикасына қатысты - теңізшінің жеке куәлігі немесе Қазақстан Республикасы азаматының төлқұжаты;

Ресей Федерациясына қатысты - теңізші паспорты немесе теңізшінің жеке куәлігі б о л ы п т а б ы л а д ы .

2. Кеме рөліне енгізілген теңізші тұлғасын куәландыратын құжаттар иелеріне:

а) кемелері екінші Тарап мемлекетінің портында болған кезеңде келген мемлекетінің заңнамасына сәйкес визасыз жағалауға шығуға және портты қалада у а қ ы т ш а б о л у ғ а ;

б) екінші Тарап мемлекетінің тиісті билік орындарының рұқсатымен осы Тарап мемлекетінің портында, олар экипаж мүшелері ретінде жұмысын аяқтаған соң өз кемесін тастап шығуға және экипаж мүшесі ретінде жұмысқа кірісуі немесе жаңа жұмыс орнына жетуі үшін сол немесе өзге портта өз Тарабы мемлекетінің кеме қатынасы ұйымдары пайдаланатын басқа кемеге ауысуға;

в) пайдаланатын көліктің түріне қарамастан өз кемесіне жету, басқа кемеге ауысу, өз мемлекетіне оралу мақсатында немесе осы екінші Тараптың билік орындары мақұлдаған кез келген өзге мақсатта осы мемлекеттің заңнамасын сақтай отырып, екінші Тарап мемлекетінің аумағына кіруге немесе сол арқылы транзитпен өтуге рұқсат е т і л е д і .

Жағалауға шыққан және тиісті Тарап мемлекетінің аумағында болған кезде теңізші тұлғасын куәландыратын құжаттар иелері осы портта қолданылатын шекаралық, кедендік және өзге де бақылау түрлерінің ережелеріне бағынады.

3. Осы баптың 1-тармағында аталған теңізші тұлғасын куәландыратын құжаты бар экипаж мүшесі науқастануына байланысты екінші Тарап мемлекетінің портында кемеден түскен жағдайда, осы екінші Тарап мемлекетінің тиісті билік орындары оған өз мемлекетінің аумағында емделуге қажетті кезеңде болуға, не белгіленген өткізу пункттері арқылы өз мемлекетінің аумағынан шығуға рұқсат береді.

4. Тараптардың әрқайсысы қажет емес деп санайтын кез келген екінші Тарап кемесі экипажы мүшесінің өз мемлекетінің аумағына кіруіне рұқсат етпеу құқығын сақтап қалады.

10-бап

1. Егер Тараптардың бірінің кемесі екінші Тарап мемлекетінің жағалауларында апатқа ұшыраса, қайырға отырса, жағаға шығып қалса немесе кез келген өзге апатқа ұшыраса, соңғысы кемеге, экипаж мүшелеріне, жолаушыларға және жүкке мұндай жағдайларда өз кемелеріне көрсетілетіндей көмек береді және мүдделі Тараптың тиісті билік орындарына мүмкіндігінше жедел хабарлайды.

2. Осы баптың 1-тармағында көрсетілген кемеден түсірілген немесе құтқарылған жүкке және заттарға, егер олар екінші Тарап мемлекетінің аумағында пайдалануға немесе тұтынуға берілмейтін жағдайда кедендік баж салығы салынбайды.

11-бап

Осы Келісімнің ережелері Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы қатысушылары болып табылатын басқа да халықаралық шарттардан туындайтын Тараптардың құқықтары мен міндеттемелерін қозғамайды.

12-бап

Тараптар өз мемлекеттерінің аумағында екінші Тарап мемлекеті кеме қатынасы ұйымдарының өкілдіктерін және кеме қатынасымен байланысты ұйымдарын құруға өз к ө м е г і н к ө р с е т е д і .

Осындай өкілдіктердің қызметі, олар орналасқан мемлекеттің заңнамасымен реттеледі.

13-бап

Тараптардың құзыретті органдарының өкілдері осы Келісімнің орындалу барысын карау және теңіз көлігінің өзара мүддені білдіретін кез келген басқа да мәселелерін

талқылау үшін Тараптардың бірінің өтініші бойынша кезектесіп, Қазақстан Республикасында және Ресей Федерациясында ауық-ауық кездесе алады.

14-бап

Тараптар теңіз көлігі саласындағы өз мүдделерін қозғайтын Тараптар мемлекеттері заңнамаларындағы өзгерістер туралы ақпаратпен алмасады.

15-бап

Осы Келісімді түсіндіруге немесе қолдануға қатысты кез келген дау Тараптардың құзыретті органдары арасында тікелей келіссөздер жолымен реттеледі.

Келісімге қол жеткізілмеген жағдайда дау дипломатиялық арналар бойынша реттелетін болады.

16-бап

1. Осы Келісім Тараптардың оның күшіне енуі үшін қажетті мемлекетшілік рәсімдерді орындағанын растайтын дипломатиялық арналар арқылы соңғы жазбаша хабарламаны алған күнінен бастап отыз күн өткен соң күшіне енеді.

2. Осы Келісім белгіленбеген мерзімге жасалады және Тараптардың бірі өзінің оның күшін тоқтату ниеті туралы екінші Тарапқа дипломатиялық арналар арқылы хабарлаған күннен бастап алты ай өткенге дейін күшінде болады.

2007 жылғы 4 қазанда Новосибирск қаласында екі данада, әрқайсы қазақ және орыс тілдерінде жасалды әрі екі мәтіннің де бірдей күші бар.

Түсіндіруде алшақтық болған жағдайда орыс тіліндегі мәтін пайдаланылады.

Қазақстан Республикасының

Үкіметі үшін

Ресей Федерациясының

Үкіметі үшін

РОССИЯ ФЕДЕРАЦИЯСЫ ҮКІМЕТІ МЕН ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҮКІМЕТІ АРАСЫНДАҒЫ

К Е Л І С І М Транспорт саласындағы өзара қарым-қатынас шарттары мен ынтымақтастықтың принциптері туралы

Россия Федерациясы Үкіметі мен Қазақстан Республикасы Үкіметі, бұдан былай - "Келісуші Жақтары" деп аталатын болады, -транспорт саласындағы ынтымақтастықты одан әрі дамытуға ынталанысты басшылыққа ала отырып, екі елдің арасындағы жүк және жолаушылар қатынасын сондай-аң оларды өз территориялары арқылы үшінші елдерге транзиттік түрде өткізуді жеңілдету мақсатымен, төмендегі келісімдерге келді:

1-ші бап

Келісуші Жақтары транспорттың барлық түрлері саласындағы өзара экономикалық және ғылыми-техникалық ынтымақтастықты дамыта және тереңдете беретін болады.

2-ші бап

Келісуші Жақтардың әрқайсысы өзара сенімділік принциптеріне сүйене отырып, екі ел арасында жолаушылар мен жүк тасымалдайтын және олардың территориялары арқылы транзиттік түрде өтетін екінші Келісуші Жақтың транспортының барлық түрлерінің жұмысына өз территориясында қолайлы жағдайлар туғызуды қамтамасыз етіп отырады.

3-ші бап

Осы Келісім негізінде Келісуші Жақтардың бірінің тасушылары екінші жақтың территориясы арқылы жолаушылар мен жүк тасымалдағанда, сондай-ақ олардың тасымалдау ісін атқаратын транспорттық құралдары жолдарды және басқадай қатынастық құбырларды пайдалану мен күтіп ұстауға қатысты, немесе осы транспорттық құралдарға олардың игілігі мен пайдалануына қатысты салынатын салықтардың және мемлекеттік алымдардан, сондай-ақ тасымалдау жұмыстарынан түсетін табыстары мен пайдаларына салынатын салық пен алымдардан босатылатын болады.

4-ші бап

Келісуші Жақтардың территориясында транспорттық барлық түрлерінің жұмыстарын, сондай-ақ Келісуші Жақтардың құзырлы органдарының өзара келісімдері бойынша қажетті өзгертулер енгізілгенше транспорттың қозғалыстың қауіпсіздігін реттейтін ережелер, қағидалар, нұсқаулар, стандарттар, техникалық шарттар мен нормативтік актілер күштері сақталынатын балады. Сонымен бірге Келісуші Жақтар өз территорияларындары транспорттық қазіргі заңдарды бірегейлі кескіндестіру үшін шаралар қабылдап, осы Келісім шеңберінде трансперттің Үйлесімді дамуына ынталатын болады.

5-ші бап

Екі ел арасында темір жол, әуе, теңіз, өзен-су жолы және автомобиль транспорттарымен атқарылатын жүк және жолаушылар тасымалдау жұмыстары мен оларды өз территориялары арқылы транзиттік түрде өткізу істерін ұйымдастырудың т ә р т і б і .

Россия Федерациясы Транспорт министрлігі мен/темір жол арқылы тасымалдау істері бойынша - Россия Федерациясы Жол қатынасы министрлігі/ Қазақстан Республикасы Транспорт министрлігі арасында жасалатын келісімдер негізінде іс жүзіне асатын болады.

6-ші бап

1. Келісуші Жақтары халықаралық тасымалдау жұмыстарын атқаруда бұрынғы КСРО мен басқа елдердің үкіметаралық Келісімдерінде белгіленген тәртіптерді, сондай-ақ транспорт саласына қатысты қабылданған Конвенция мен басқа да КСРО қатынасқан Келісімдердің күштерін сақтауға келісті.

2. Келісуші Жақтары транспорт саласында басқа да елдермен асы Келісімдегі екінші жақтың мүдделеріне әсер етпейтін Келісімдер жасау жөнінде өздерінің праволарын сақтайды және, мұндай келісімдер жасалған жағдайда, ол туралы екінші Келісуші Жақты хабардар ететін болады.

7-ші бап

Келісуші Жақтары екі елдің транспорттық кәсіпорындары мен ұйымдарының тікелей экономикалық байланыстарын дамытуға және транспорт саласында бірлескен кәсіпорындар құруға жәрдемдесетін болып келісті.

8-ші бап

Келісуші Жақтары инженерлерді, техниктерді, басқа да транспорттағы жаппай кәсіптік мамандарды біркелкі методика бойынша дайындауға ал оларға оқу орындарын бітіргендері туралы берілген мамандық құжаттар екі мемлекеттің территориясында да бірдей юристік күшін сақтайтындығына келісті.

9-ші бап

Келісуші Жақтардың транспорттың ұйымдары мен фирмаларының арасындағы өзара есеп айырысулары мен төлем өтеулері Келісуші Жақтардың арасында орныққан қазіргі есеп айырысу және төлем өтеудегі тәртіптер жүйесінде жасалып отырады.

10-шы бап

Осы Келісіммен, сондай-ақ Келісуші Жақтардың екеуі де қатынасқан басқадай келісім-шарттармен реттелмеген мәселелер Келісуші Жақтардың әрқайсысының ішкі заңдары бойынша шешілетін болады.

11-ші бап

Осы Келісімнің орындалуын қамтамасыз ету мақсатымен, сондай-ақ екі елдің арасындағы тасымалдау жұмысында қиындықтар туған жағдайда, Россия Федерациясының Транспорт министрлігі мен /темір жол арқылы тасымалдау істері бойынша - Россия Федерациясы Жол қатынасы Министрлігі/Қазақстан Республикасы Транспорт министрлігі бір-бірімен тікелей байланыс жасап, қажет болған кезде, өзара қолайлы шешім шығару үшін екі жақтық кеңесулер өткізетін болады.

12-ші бап

Бұл Келісім оған қол қойылған күннен бастап күшіне енеді және, Келісуші Жақтардың біреуі осы Келісімнің күшін өз тарапынан тоқтатқысы келетіні туралы пікірін екінші жаққа хабарлағаннан кейін де ел 90 күннің мөлшерінде күшінде болады.

Келісім 1992 жылдың 23 наурыз күні, орыс және қазақ тілдерінде, екі дана болып жасалды, және де осы екі текстінің күші де бірдей болып саналады.

Россия Федерациясының
Үкіметі үшін

Қазақстан Республикасы
Үкіметі үшін